

2. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан специальности 5В012300-Социальная педагогика и самопознание. 2010.
3. Лодкина Т.В. Социальная педагогика: Защита семьи и детства -М., 2007.
4. Василькова Ю.В. Опыт и методика работы социального педагога.- М., 2001.
5. Басов Н.Ф., Басова В.М., Кравченко А.Н. Социальный педагог: Введение в профессию.- М., 2007.

Түйін

Мақалада мектепке дейінгі мекемедегі әлеуметтік педагогтің рөлі ашып көрсетілген.

Summary

In the article is considered the role pre-school establishment social-teacher.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҒЫЛЫМИ ІС-ӘРЕКЕТ МАЗМҰНЫ

Г.Қ. Шырынбаева - п.ғ.к., аға оқытушы,


Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Инновациялық білімге негізделген оқыту жүйесінде берілетін білім сапасы мен білім алушының ғылыми ойлау ерекшелігіне сәйкес келетін зерттеушілік іс-әрекет, оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын талаптарымен өлшенеді. Ол туралы оқыту формасын, әдістемелік жүйесін таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген ҚР-ның «Білім туралы» Заңында «мұғалім оқушыға неғұрлым сенімділік білдіріп, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, зерттеушілік деңгейін көтеруге бағытталған мүмкіндіктерді қарастыруы тиіс», – деген қажеттіліктерді көрсетіп берген [1].

Білім алушының зерттеушілік қабілетіне байланысты оқыту жағдайында «зерттеу» ұғымының кейбір педагогикалық аспектілерін инновациялық ортада оқыту әдістемесінде қарастырсақ, берілген тақырыптар бойынша тапсырмалар жүйесі күрделене түсері анық. Бұл ЖОО-дарындағы оқыту тәжірибесінде пәнді оқыту мазмұнына дәстүрлі көзқарасты өзгертіп, жаңа технологиялық білім беру жүйесіндегі орнын белгілейтін, базистік оқу жоспарының оқыту мазмұнына, құрылымына, әдістемесіне елеулі өзгерістер енгізу талабымен көрсетіледі. Кез-келген пәнді оқыту үдерісінің инновациялық білім беру ортасы белгіленген стандарт бойынша білім берудің сәйкес сатысының базистік оқу жоспарымен, білім беру ұйымдарының типтік оқу жоспарымен, жұмыстық оқу жоспарымен, оқу бағдарламаларымен кешенді түрде жүзеге асырылады. Өйткені, пәнді оқыту үдерісі арнайы педагогикалық жүйенің мақсаты ретінде оқытудың құзіреттілік түрінде тұжырымдалады. Егерде, «құзіреттілік» ұғымының үздіксіз білім берудегі білім алушының күнделікті алған білімін ұтымды қолдану нәтижесі екенін ескерсек, ғылымда өз орнын белгілеген инновациялық технологиялар білім берудегі интеллекті, ғылыми көзқарас белсенділігін қалыптастыру ортасы болып саналады.

Инновациялық білімге негізделген мақсаттар оқыту үдерісінде, оқытудан күтілетін нәтижелерді елеулі саралауды, сондай-ақ пәннің типтік оқу бағдарламасында көрсетілуі тиіс көптеген қосалқы және басқа (зерттеу, ғылыми жоба жұмысымен айналысу нәтижесінде алған жетістіктері) жеке мақсаттарға жетуді көздейді. Жалпы пәннің аймағында білім алушылардың зерттеушілік біліктері мен дағдыларын дамыту мәселесі жеке танымдық іс-әрекетімен қоса іздену белсенділігі мен қазіргі динамикалық өмірге сәйкес үнемі ауыспалы ортаға бейімделуінің маңызды тәсілі ретінде қарастырылады. Жеке ғылымдағы зерттеулік әдістерді қамтитын жеке пәнді оқыту ерекшелігі – теорияны игеру, оны практикалық эксперименттік тұрғыдан қарастыруға байланысты жаңа білімді саралау, әр білім алушының зерттеушілік қабілетіне және жалпы зерттеулік әдістеме қорын қолдануға мүмкіндік беретін мұғалімнің педагогикалық біліктілігіне сай жүргізіледі. Бұл білім алушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын белгілейтін зерттеушілік іс-әрекеттерінің жетістіктерін анықтайды (Сурет-1).



Сурет – 1. Мұғалім мен білім алушының зерттеушілік іс-әрекеттерінің жетістіктері

Суреттегідей, нәтижеге бағдарланған сапалы білім беру үдерісінде пәнді оқыту әдістемелік жүйесінің құрылымындағы білім алушы мен мұғалім арасындағы коммуникативтік құзіреттілік инновациялық білімге негізделген жетістіктерін анықтауға бағытталған зерттеушілік іс-әрекеттерінің орнын белгілейді. Педагогикалық әдінамалық білімнің құрамында кез-келген пәннің жеке пән ретінде қалыптасуында инновациялық білімнің белгілі бір орны бар, ғылыми танымның тұғыры екенін ескерсек, зерттеушілік іс-әрекет білім алушы және мұғалім үшін өте маңызды.

Ол туралы көрнекті ғалым Ш.Т.Таубаева: білім берудің жана парадимасының педагогикалық сипатамасында мұғалімнің зерттеушілік мәдениетінің қалыптасу үрдісін, оқушыға білім беру әдістерін инновациялық және дидактикалық әрекетте ұйымдастырудың субьектісі ретінде көрсетеді [2].

Зерттеу мәселесі бойынша қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәні бар қажеттіліктер мұғалімнің жеке шығармашылығын қалыптастырудың жана жолдарын іздестіруге алып келді. Әрине бұл жана жолдардың бірі мұғалімнің зерттеушілік іс-әрекеті. Бойында мұндай зерреушілік қабілеті бар мұғалімдер өз бетінше белсенді ойлауға, педагогикалық міндеттерді шығармашылық түрде шешуге, жоғары деңгейде оқыту үдерісін ұйымдастыруға, қазіргі қоғамның талаптарына жауап беруге бейім болады.

Ол туралы, В.И.Загвязинский «Зерттеуші-мұғалім болу деген – белгісіз байланыс заңдылықтарын анықтауда жана педагогикалық құбылыстарды таба білу. Ол үшін міндетті түрде жалпы мәдениетті, кәсіби білікті, оқу-тәрбие жұмысында тәжірибесі мол болуы керек. Зерттеу құбылысын алдын ала болжап, оған талдау жасау, қорытындылау т.б. көптеген ғылыми ойлау байланыстарын білуі қажет», – деп көрсетеді. [3].

Аталған мұғалімнің зерттеушілік әрекетіне қатысты тұғырларды анықтау Ю.К.Бабанский, В.И.Загвязинский, В.И.Журавлев, Н.В.Кузьмина, В.В.Краевский, М.Н.Скаткин, В.И.Сластенин т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылса, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру туралы В.И.Андреев., В.П.Бударкевич., А.Д.Иодко., т.б ғалымдар зерттеп, енгізген [4].

Ғалымдардың зерттеу бағыттары, пәндік білім берудің мазмұны мен құрылымы педагогиканың әдіснамалық негізінде, оқушылардың саналы және орнықты негізде меңгерген білім мазмұнының бір бөлігін құрайтын, зерттеушілік қызығушылығы мен қоғамдық әлеуметтік сұраныстарына байланысты анықталады. Өйткені, инновациялық білім беру ортасында берілген білім оқушының интеллектуалды-танымдық даму дәрежесінің қажеттілігіне сәйкес, әлеуметтік, тұлғалық қабілетін де қалыптастырады.

Бірақта, көп мұғалімдер оқушының бойында зерттеушілік қабілеттерді осы жаста қалыптастырудың тиімділігін түсінбей, сол мүмкіндіктерді пайдалана алмай жатады. Бұл өзгермелі қоғамда елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы сұраныстарды қанағаттандыру үшін кез-келген оқыту мәселесін шығармашылық түрде шеше алатын, салыстыра алатын, талдау жасай алатын, зерттей алатын кәсіби деңгейі жоғары мұғалім дайындау қажеттілігін көрсетеді.

Қоғамның даму жағдайында тәрбие жұмысының тиімділігі мен білім сапасын арттырудың негізгі жолы – жалпы пәннің мазмұнындағы оқу материалдарының компоненттерін жобалау деңгейіне, білімнің мазмұны мен құрылымына, ұстанымына, оқыту әдіс-тәсілдеріне тікелей тәуелді болатын оқушының зерттеушілік, ғылыми ойлау қабілеті. Мектептің жана сапалық деңгейге көтерілу жолында оған жүктелген әлеуметтік міндеттің мәніне теренірек үнілсек, оқушының алған білімінен шығатын нәтижесіне, қоғамдағы орнына ғылыми көзқараспен қарауға мүмкіндік туып отыр.

Бұның өзі білім берудің мақсатын жана ұғынудың және оны жүзеге асырудың алғы шарттарын жасау әдісінің бірі болып табылады. Ол үшін ғылым мен ғылыми-техникалық прогресстің қазіргі даму деңгейіне сәйкес әлемдік білім кеңістігі негізінде білім беру мазмұны мен қоса, оқыту әдістемесін инновациялық біліммен ұштастырып, ғылыми негізде жеткізу қажет. Қазіргі, мектеп түлектеріне елдің болашағы тәуелді. Бітіруші түлектің қоғамдық сұраныстарға сай ғылыми-техникалық өндіріс саласын таңдауға бет бұрғызу мақсаты, міндетті түрде мектеп қабырғасында оқушыны зерттеушілік ғылыми жоба жұмысымен айналыстыру керектігін көрсетеді. Өйткені, қазіргі ғылымда ашылып жатқан жаналықтар дәлдігі, нәтижелігі, мазмұны өте жоғары деңгейде алынуда.

Сондықтан, келешекте ғылым мен техниканың жана жетістіктеріне жедел қол жеткізу және сауатты баға беріп оны пайдалану үшін оқушының зерттеушілік қабілеттілігін қалыптастыру жолдарын пайдалануда мектепте оқытылатын әрбір пәннің әдістемелік мүмкіндігі молынан жетеді. Әсіресе соңғы кездері физика, химия, биология, технология пәндерінің мұғалімдері өз тарапынан ғылыми зерттеушілік қызметтеріне көп көңіл бөліп жатыр.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін, ғылыми-зерттеушілік жұмысты жүргізуді ұйымдастырудың жана формалары мен әдістерін ойластырудың немесе объективті өмір сүру заңдылығын түсіндіруде өздігімен зерттеуге үйрете алатын мотивациялық әдістердің қажеттілін айқындайтын педагогикалық ғылыми іс-әрекет мазмұны керек.

Өйткені пәндік теориялар мен практикалық тәжірибелердің өзара логикалық және жүйелі байланыстағы диалектикалық бірлігі дүниенің біртұтас ғылыми бейнесін бере отырып, инновациялық білімнің даму болашағын анықтайды. Пәнді оқытудың барлық әдістемелік жүйесінің басты мақсаты да осы болып табылады. Себебі: оқыту әдістемелік жүйесіндегі пәндегі таным әдістерінің құрылымы, ең алдымен, жергілікті өзекті мәселеге айналып отырған табиғи, экологиялық жағдайларының зерттеу көздері және олардың танымдық мүмкіндіктері, зерттеу мақсаттары, міндеттері, объектісі қарастырылады.

Сонымен қатар, зерттеу тақырыптар жүйесі құрылып, білім алушылар оқу материалы негізінде зерттеуге қажетті әдіснамалық тұғырлар және ұстанымдармен танысады. Зерттеу мазмұнындағы тарихи фактілер, дерекнама, республикада және шетелдерде жүргізіліп, зерттеліп жатқан нәтижелеріне сүйенген білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға пән мұғалімінің жағынан ерекше көңіл бөлініп отырады. Ғылыми ізденіс білім алушының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға, оны ғылыми ойлауға, пән мұғалімімен қарым-қатынастың субъектісі ретінде орнын белгілеуге қатысты арнайы дайындық жұмысты жүргізуді талап етеді. Әрине бұл талаптар зерттеушілік іс-әрекетте орындалатын мақсаттарды анықтау мен жоспарлауға, ұйымдастыруға, реттеуге, бақылауға, алынған нәтижені талдауға үйретудің қажеттілігін түсіндіреді.

Соған байланысты кез-келген пәнді оқытуды ұйымдастыруда оның мазмұнындағы теориялардың біртұтас жүйесі түрінде көрініс беретін оқу материалдарын, ғылыми негізде менгертіп, болашақта оны қолдану және білім алушының бойында зерттеудің әдіснамасы мен әдістері саласындағы білімдерін жүйелі қалыптастыру мақсатында оқытылуы тиіс. Бұл ғылымды дамыту, ғылыми-техникалық прогресс үшін барынша қолайлы жағдай жасау, педагогикалық технологияларды қолдау мен интеллектуалдық игіліктерін қорғау жүйесін жетілдіру, отандық ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізудің тиімді тетіктерін қамтамасыз ету мақсаттарынан шығатын міндеттерді орындау қажеттілігін көрсетеді.

1. ҚР-ның «Білім туралы» Заңы. – Егеменді Қазақстан. 2007.5-6 б.
2. Таубаева Ш.Т. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздері: п.ғ.д....автореф.- Алматы, 2001.
3. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. -М.,1982.
4. Блонский П.П. Избранные педагогические и психологические сочинения: В 2-х т. // Под редакцией А.В. Петровского. – М., 1979. – Т.1. – 432 с.

Резюме

В статье рассматривается проблема формирования исследовательской деятельности студентов посредством инновационных технологий.

Summary

In this article the problem of development of student's research activity by innovation technology are considered.